

**Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына ақшалай үлес төлеуді реттеу мен олардың әлеуметтік қорғалуын күшейту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2202. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың әлеуметтік қорғалуын күшейту, олардың ақшалай үлесін реттеу, тұрмыс деңгейін тұрақтандыру мен әскери қызметтегі және ішкі істер органдарындағы қызметтегі міндеттерін орындауы үшін оларға тиісті жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. 1995 жылғы 1 наурыздан бастап:  
әскери қызметшілердің лауазымдық жалақылары N 1-4 қосымшаларға сәйкес;

әскери қызметшілердің (шақыру бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілерден басқаларының) және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының әскери (арнаулы) атақтары бойынша жалақысы N 5 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

N 1 қосымшада көрсетілмеген офицерлер құрамының басқа лауазымдары бойынша лауазымдық жалақылар 1,25 еседен аспайтындай болып өсірілсін.

2. Қызмет өткерген жылдарына, жасына, денсаулық жағдайына немесе штаттың қысқартылуына қарай әскери қызметтен және ішкі істер органдарынан босатылған адамдардың, қаза тапқан әскери қызметшілердің асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы алатын отбасы мүшелерінің зейнетақысы қызметте тұратын әскери қызметшілердің, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының осы қаулыға сәйкес өсірілген ақшалай үлесіне қарай 1995 жылғы 1 наурыздан бастап қайта есептелсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

1 9 9 5 ж ы л ғ ы 1 7 с ә у і р д е г і

N 2 2 0 2 қ а у л ы с ы н а

**N 1 Қосымша**

**Негізгі бірүлгі лауазымдар бойынша офицер  
құрамындағы адамдардың  
Лауазымдық жалақысы**

---

Лауазым атауы	Айлық лауазымдық жалақысы   (теңгемен)
---------------	---

---

**1. Әскерлер бойынша**

Әскерлер тегінің қолбасшысы	3940
Корпус командирі	3840
Дивизия командирі	3590
Бригада командирі	3290
Полк командирі	3050
Батальон, дивизия командирі	2610
Рота, батарея командирі	2380
Взвод командирі	2000

**II. Шекара әскерлері бойынша**

Шекара әскерлерінің қолбасшысы	3940
Шекара әскерлері қолбасшысының бірінші орынбасары	3860
Шекара әскерлері қолбасшысының орынбасары	3840
Бөлім бастығы	3590
Бөлімше бастығы	3110
Аға офицер	2960
Офицер	2610
Шекара отрядының бастығы	3590
Шекара отряды бөлімшесінің бастығы	2610
Шекара отрядының аға офицері	2590
Шекара отрядының офицері	2310
Шекара комендатурасының коменданты	2710
Шекара заставасының бастығы	2380
Шекара заставасы бастығының орынбасары	2290

**III. Республикалық ұлан бойынша**

Республикалық ұлан қолбасшысы	3940
Республикалық ұлан қолбасшысының бірінші орынбасары	3860
Республикалық ұлан қолбасшысының орынбасары	3840
Бөлім бастығы	3590
Бөлімше бастығы	3110

Аға офицер		2 9 6 0
Офицер	2610	
<b>IV. Ішкі әскерлер бойынша</b>		
Ішкі әскерлер қолбасшысы		3940
Ішкі әскерлер қолбасшысының бірінші орынбасары		3 8 6 0
Ішкі әскерлер қолбасшысының орынбасары		3840
Бөлім бастығы		3 5 9 0
Аға офицер		2 9 6 0
Офицер	2610	

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1995 жылғы 17 сәуірдегі  
№ 2202 қаулысына

**№ 2 Қосымша**

**Мерзімінен тыс қызметтегі прапорщиктердің, мичмандардың, әскери қызметшілердің, сондай-ақ солдаттар, матростар, сержанттар, старшиналар, прапорщиктер, мичмандар атқаратын әскери лауазымдарда контракт бойынша қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің Лауазымдық жалақылары**

Тарифтік разряды	Айлық лауазымдық жалақысы (теңгемен)
I	7 9 0 - 8 8 0
II	8 8 0 - 9 8 0
III	9 8 0 - 1 0 6 0
IV	1 0 6 0 - 1 2 3 0
V	1 2 3 0 - 1 3 1 0
VI	1 3 1 0 - 1 5 0 0
VII	1 5 0 0 - 1 6 3 0
VIII	1 6 3 0 - 1 7 5 0

IX 1750-1880  
Қазақстан Республикасы  
Президентінің

1995 жылғы 17 сәуірдегі  
N 2202 қаулысына

**N 3 Қосымша**

**Лауазымдық жалақылары**  
**Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің**

Тарифтік разряды	Айлық лауазымдық жалақысы (теңгемен)
I	1 9 0
I I	2 5 0
I I I	2 9 0
I V	3 4 0
V	3 8 0
VI	440

*Ескерту. Офицер құрамы лауазымына тағайындалған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге жалақы бірінші тарифтік разряд бойынша прапорщиктерге, мичмандарға және мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге көзделген лауазымдық жалақының ең төмен мөлшері деңгейінде төленеді.*

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1995 жылғы 17 сәуірдегі

N 2202 қаулысына

**N 4 Қосымша**

**Лауазымдық жалақылары**  
**Әскери оқу орындары мен әскери бөлімдер курсанттарының**

Курсанттардың санаты	Айлық лауазымдық жалақысы (теңгемен)
----------------------	---

- |   |     |
|---|-----|
| 1. Оқуға қабылданар алдында міндетті әскери мерзімді қызметте тұрмаған адамдардың қатарындағы курсанттар: |     |
| жоғары әскери оқу орындарында:  |     |
| - бірінші және екінші курстарда   | 440 |
| - үшінші және одан кейінгі курстарда  | 810 |
| орта әскери оқу орындарында:  |     |
| - бірінші және екінші курстарда   | 340 |

- үшінші және одан кейінгі курстарда	660
2. Міндетті мерзімді әскери қызметке тікелей шақырудан кейін оқуға қабылданған адамдардың қатарындағы курсанттар:	
- техниктер, прапорщиктер мектебінде	290
- әскери оқу бөлімдері мен бөлімшелерінде	190
3. Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарындағы курсанттар (2 тармақта көрсетілген курсанттардан басқасы)	әскери бөлімдердегі соңғы штаттық лауазымдар бойынша, бірақ 1 және 2 тармақтарда көзделген жалақылардан кем емес
4. Офицерлік атағы жоқ және казармалық жағдайда тұрмайтын жоғары әскери оқу орындарының тыңдаушылары	1690
Суворовшылар, нахимовшылар, әскери музыка училищелері мен әскери бөлімдерінің тәрбиеленушілері	190

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1995 жылғы 17 сәуірдегі  
N 2202 қаулысына

#### **N 5 Қосымша**

**Әскери қызметшілердің (шақырылуы бойынша қызметін өткеріп жүрген әскери қызметшілерден басқаларының) әскери атақтары және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ контракт бойынша қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілердің арнаулы атақтары бойынша Жалақылары**

-----  
Әскери атақтар | Айлық жалақысы (теңгемен)

Қатардағы жауынгер, матрос	500
Ефрейтор, аға матрос	510
Кіші сержант, II-дәрежелі старшина	530
Сержант, 1-дәрежелі старшина	560
Аға сержант, бас старшина	580

Старшина, бас кеме старшинасы	600
Прапорщик, мичман	680
Аға прапорщик, аға мичман	730
Кіші лейтенант	800
Лейтенант	900
Аға лейтенант	1000
Капитан, капитан-лейтенант	1080
Майор, II-шенді капитан	1180
Подполковник, II-шенді капитан	1250
Полковник, I-шенді капитан	1350
Генерал-майор, контр-адмирал	1480
Генерал-лейтенант, вице-адмирал	1630
Генерал-полковник, адмирал	1750
Армия генералы, флот адмиралы	1900